

Нұр-Сұлтан,  
19.01.2022

### **ForteBank бұлттық сервистер бойынша Куәландырушы орталықтың мемлекеттік аккредитациясынан өтті**

«ForteBank 2020 жылдың соңында бекітілген жаңа қағидалар шеңберінде бұлттық сервистер бойынша Куәландырушы орталықтың мемлекеттік аккредитациясынан өткен алғашқы Банк болды. Іске асыру барысында криптографиялық жабдықты жеткізушімен қауіпсіздікті арттыру тұрғысынан ауқымды жұмыс жүргізілді, кілттерді басқару бойынша биометриялық сәйкестендіруі бар цифрлық кабинет құрылды, тіпті қол қою процесіне Blockchain тізбегі енгізілді. Бұл аккредиттеу банктің электрондық цифрлық қолтаңба бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық талаптарға сәйкестігін растайды.

ForteBank клиенттері үшін бұл жақын арада оларға бөлімшеге бармай-ақ электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) шығару жаңа қызметі қолжетімді болатынын білдіреді. Онлайн түрде берілген және ЭЦҚ-мен қол қойылған құжаттардың өз қолымен қол қойылған қағаз түріндегі құжаттармен бірдей заңды күші болады».

Байланыс деректері:

Баспасөз қызметі

Тел.: +7 (7172) 59 99 99 (ішкі 10868, 10975)